

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 1 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Сенаттың алтыншы сессиядағы алғашқы отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Бүгін Президент Парламенттің алтыншы шақырылымдағы алтыншы сессиясын ашып, халыққа Жолдауын жариялады. Жолдауда өте маңызды мәселелер көтерілді, оны өздеріңіз де естіңіздер. Мемлекет басшысы экономика, әлеуметтік, саяси салаларға қатысты алдағы басымдықтарды айқындап берді.

Президент экономикалық өсімді қалпына келтіру, халықтың әл-ауқатын арттыру, құқық қорғау жүйесін әрі қарай жаңғырту, саяси реформаларды жалғастыру мәселелеріне жан-жақты тоқталып, Парламент пен Үкіметтің алдына нақты мақсаттар қойды.

Жолдауда айтылған тапсырмаларды заңнамалық тұрғыдан уақытылы әрі сапалы қамтамасыз ету біздің негізгі міндетіміз. Осы бағытта бәріміз нәтижелі жұмыс істеуіміз керек.

Жаз бойы әлемдегі және еліміздегі эпидемиологиялық ахуал күрделі болғаны белгілі, қазір жағдайдың тұрақталып келе жатқанын бәріміз көріп отырмыз. Бірақ Президент айтып өткендей, санитарлық-эпидемиологиялық режимге, сақтық шараларына баса мән беруіміз керек.

Сенаторлар парламенттік каникул кезінде өңірлерде індетке қарсы қолға алынған жұмыстарға мониторинг жүргізіп, туындаған өзекті мәселелерді шешуге атсалысты.

Жалпы жағдай бақылауда болғанмен, іс жүзінде олқылықтар да болғаны жасырын емес. Осыған орай алдағы уақытта Сенатта арнайы талқылаулар ұйымдастырылып, сенаторлар тарапынан Үкіметке тиісті депутаттық сұраулар мен ұсыныстар жолданады.

Сонымен қатар депутаттар Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында пандемияға байланысты қажетті заңдар қабылдау жұмысын жалғастыратын болады.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямыз. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, алдымен Сенаттың басшылық құрамындағы кадрлық өзгерістерге тоқталып өтейін.

Бүгінге дейін Сенат Төрағасының Орынбасары қызметін атқарып келген Бектас Әбдіханұлы Бекназаров өз өтінішіне байланысты қызметінен босатылды.

Бектас Әбдіханұлы егемен елімізде сот жүйесін қалыптастыруға үлкен үлес қосқан тәжірибелі мемлекет қайраткері. 2014 жылдан Сенатта заң шығару қызметін жетілдіру және ел дамуына ықпал ететін сапалы заңдар қабылдау жолында аянбай еңбек етіп келді. Сол үшін Бектас Әбдіханұлына зор ризашылығымызды білдіріп, алғыс айтамыз. Алдағы уақытта да ел мүддесін қамтамасыз ету жолында бірлесіп нәтижелі жұмыс істейміз деп сенеміз.

Құрметті депутаттар, кадрлық өзгерістерге байланысты күн тәртібінде Сенат Төрағасының Орынбасарын сайлау туралы мәселе туындап отыр.

Президент Жарлығымен Нұрлан Мәжитұлы Әбдіров Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты болып тағайындалды.

Конституцияның 58-бабына сәйкес Сенат Төрағасының Орынбасары лауазымына сенатор Әбдіров Нұрлан Мәжитұлын ұсынамын.

Өздеріңізге белгілі, Нұрлан Мәжитұлы тәжірибелі және білікті маман, Әділет министрлігінде және Қауіпсіздік Кеңесінде жауапты қызметтер атқарды.

Ол Парламент жұмысын өте жақсы біледі, бүгінге дейін Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы ретінде табысты еңбек етіп келді. Нұрлан Мәжитұлы Сенат жұмысына тың серпін береді деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, бұл ұсыныс бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдауға көшейік.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасары лауазымына Әбдіров Нұрлан Мәжитұлын сайлау туралы ұсынысты және Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Әбдіров Нұрлан Мәжитұлы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының Орынбасары болып сайланды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Нұрлан Мәжитұлы, жаңа қызметіңізбен құттықтаймыз және өзіңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарасыз деп сенеміз. Президиумдағы орныңызға отырыңыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тамызда өткен Сенат депутаттарын сайлау нәтижесінде Палатаның құрамы жаңартылғанын білесіздер. Биылғы сайлауда төрт сенатор өз өңірлерінде мәслихат депутаттарының сеніміне тағы да ие болып, екінші мәрте Сенат депутаты ретінде сайланды.

Осыған орай, құрметті Ольга Валентиновна, Әли Әбдікәрімұлы, Сергей Михайлович, Айгүл Жарылқасынқызы, сіздерді жеңістеріңізбен құттықтаймыз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Алдағы уақытта да халықтың үмітін ақтап, абыройлы еңбек етесіздер деп сенеміз.

Сондай-ақ қатарымызға жаңадан 13 депутат қосылды.

Сіздерді сайлаудағы жеңістеріңізбен құттықтап, депутаттық қызметтеріңіз табысты болсын деп тілейміз. Сіздер түрлі салада қызмет атқарып, өз өңірлеріңіздің өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қостыңыздар, енді мол тәжірибелеріңізді заң шығару қызметінде кеңінен пайдаланып, Сенаттың жұмысына тың серпін бересіздер деп сенеміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе жаңадан сайланған Сенат депутаттарының ант беруі жөнінде.

Ант беру үшін мінберге Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының мына депутаттары шақырылады.

Алдашев Сүйіндік Тасеменұлы.

АЛДАШЕВ С.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы.

ӘЛНАЗАРОВА А.Ш. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, құттықтап қояйық.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Бекенов Нұрлан Жексембайұлы.

БЕКЕНОВ Н.Ж. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Булавкина Ольга Александровна.

БУЛАВКИНА О.А. Клянусь верно служить народу Казахстана, укреплять целостность и независимость Республики Казахстан, строго подчиняться ее Конституции и законам, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности депутата.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлы.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Карплюк Сергей Алексеевич.

КАРПЛЮК С.А. Клянусь верно служить народу Казахстана, укреплять целостность и независимость Республики Казахстан, строго подчиняться ее Конституции и законам, добросовестно выполнять возложенные на меня высокие обязанности депутата.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы.

КҮРІШБАЕВ А.Қ. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қаниев Бауыржан Нұралыұлы.

ҚАНИЕВ Б.Н. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлы.

ЛҰҚПАНОВ С.Е. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлы.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Нұхұлы Алтынбек.

НҰХҰЛЫ А. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Орынбеков Бекболат Серікбекұлы.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызы.

РЫСБЕКОВА Л.Т. Қазақстан халқына адал қызмет етуге, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен тәуелсіздігін нығайтуға, оның Конституциясы мен заңдарына қатаң бағынуға, депутаттың өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал атқаруға ант етемін.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, ант беру рәсімі аяқталды. Әріптестеріміз бүгін берген анттарына адал болып, депутаттық қызметтерін абыроймен атқарады деп сенеміз. Барлық істеріңізге сәттілік пен табыс тілейміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі қаралатын мәселе тұрақты комитеттердің саны мен атауы жөнінде. Сенатта алты тұрақты комитет жұмыс істейді. Олар өз жұмыстарын лайықты деңгейде жүргізіп келеді. Сондықтан комитеттердің саны мен атауын өзгеріссіз қалдыруға болады деп санаймын.

Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда бұл мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол жобаны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Сенаттың тұрақты комитеттерінің саны мен атауы белгіленді.

Құрметті сенаторлар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Сенаттың тұрақты комитеттерінің төрағаларын сайлау жөнінде. Алдымен дауыс берудің тәсілін анықтап алайық. Ашық дауыс беру ұсынылады.

Әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Дауыс берудің тәртібі анықталды.

Құрметті әріптестер, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар бар?

Сөз Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағалығына Волков Владимир Васильевичтің кандидатурасын ұсынамын.

Владимир Васильевич Сенат жұмысының қыр-сырын өте жақсы біледі. Бұған дейін де осы комитеттің төрағасы ретінде табысты еңбек етіп келді. Сондықтан алдағы уақытта өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарады деп сенемін. Әріптестерім осы ұсынысты қолдайды деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ұсынылған кандидатқа сөз берудің қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың да қажеті жоқ шығар?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдауға көшейік. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы болып Волков Владимир Васильевич сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Владимир Васильевич комитеттің төрағасы болып сайланды. Поздравляем!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Қаржы мен бюджет комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар бар?

Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Құрметті Төраға, қадірлі әріптестер! Қаржы және бюджет комитетінің төрағалығына Перепечина Ольга Валентиновнаның кандидатурасын ұсынамын.

Ольга Валентиновна қаржы саласында тәжірибесі мол, білікті маман. Таяуда ғана өз өңіріндегі мәслихат депутаттарының сеніміне ие болып, екінші мәрте Сенат депутаты болып сайланды. Осыған дейін де комитет төрайымы ретінде табысты еңбек еткенін бәріміз жақсы білеміз. Сол себепті бұл қызметке Ольга Валентиновнаның кандидатурасы лайық деп есептеймін. Әріптестерімді ұсынысты қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, басқа ұсыныс бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы болып Перепечина Ольга Валентиновна сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Ольга Валентиновна комитеттің төрайымы болып сайланды. Поздравляем!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Енді Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасын сайлайық. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағалығына Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлының кандидатурасын ұсынамын.

Мұхтар Абырарұлы бірқатар жауапты қызметтерді абыроймен атқарған тәжірибелі мемлекет қайраткері, қандай қызметте болса да елдік мүддеге еңбек етті. Сенат жұмысын да өте жақсы біледі. Өткен сессияда осы комитеттің төрағасы ретінде нәтижелі жұмыс істеді. Сондықтан алдағы уақытта да комитет жұмысын жандандыруға тың серпін береді деп сенемін. Әріптестерімнен ұсынысты қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа ұсыныс бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Әріптестер, сұрақтар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Мұхтар Абрарұлы комитеттің төрағасы болып сайланды. Құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстар бар?

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мен Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағалығына Әділбеков Дәурен Зекенұлының кандидатурасын ұсынамын.

Дәурен Зекенұлы ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызметте табысты еңбек еткен тәжірибесі мол, білікті маман. Өткен сессияда осы комитеттің хатшысы ретінде жұмыс істеді, сондықтан бұл бағыттағы заң шығару жұмысын жақсы біледі. Сол себепті сенаторлардан осы ұсынысты қолдап, дауыс берулерін сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда шешім қабылдайық.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің төрағасы болып Әділбеков Дәурен Зекенұлы сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Дәурен Зекенұлы комитеттің төрағасы болып сайланды. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Құрметті Төраға, құрметті депутаттар! Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағалығына Мұрат Бақтиярұлының кандидатурасын ұсынамын.

Мұрат Бақтиярұлы кәсіби біліктілігі жоғары, тәжірибесі мол маман, бұл комитетті былтырдан бері басқарып келеді. Ұлттық құндылықтарға, әлеуметтік мәселеге қатысты үнемі басты мәселелерді назарда ұстап, өз пікірін ашық білдіріп жүрген азамат. Сондықтан да Мұрат Бақтиярұлының кандидатурасы лайық деп есептеймін және әріптестерімді осы ұсынысты қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешім қабылдайық.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы болып Мұрат Бақтиярұлы сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Мұрат Бақтиярұлы комитеттің төрағасы болып сайланды. Құттықтаймыз!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің төрағасы бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті сенаторлар! Мен Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің төрағалығына Бектаев Әли Әбдікәрімұлының кандидатурасын ұсынамын.

Әли Әбдікәрімұлы, бұл саланы өте жақсы біледі, осы комитеттің төрағасы ретінде де табысты еңбек етіп келді. Тәжірибесі мол, қарым-қабілеті, жауапкершілігі жоғары, сондықтан алдағы уақытта бұл бағытта нәтижелі жұмыс істейді деп сенемін. Әріптестерімнен осы ұсынысты қолдауды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, басқа ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Ендеше шешім қабылдайық.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің төрағасы болып Бектаев Әли Әбдікәрімұлы сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Әли Әбдікәрімұлы комитеттің төрағасы болып сайланды. Құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Тұрақты комитеттердің төрағалары болып сайланған әріптестерімізді Палата атынан тағы да құттықтаймын. Барлық істеріңізге табыс тілейміз.

Құрметті сенаторлар, енді Сенаттың тұрақты комитеттерінің мүшелерін сайлау туралы мәселені қарастырамыз.

Сенат Регламентіне сәйкес әр комитеттің құрамы алты депутаттан кем болмауға тиіс. Депутаттар өздерінің қалауын алдын ала білдірді.

Қазір әр комитеттің құрамы бойынша Асқар Оразалыұлы жалпы бір ұсыныс жасайды.

Асқар Оразалыұлы, тұрақты комитеттердің құрамы бойынша ұсынысты жарияласаңыз.

ШӘКІРОВ А.О. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенат комитеттерінің негізгі міндеттері мен депутаттардың еңбек тәжірибелерін ескере отырып және депутаттардың өтініштерін назарға алып келесі ұсыныстарды жасаймын.

Бірінші, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің құрамына Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызы, Әбдікерем Рысқали, Бекназаров Нұрлан Құдиярұлы, Лукин Андрей Иванович, Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлы, Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы, Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызы ұсынылады.

Екінші, Қаржы және бюджет комитетінің құрамына Бекенов Нұрлан Жексембайұлы, Дүйсембаев Ғұмар Ислямұлы, Карплук Сергей Алексеевич, Қылышбаев Нұрлан Наурызұлы, Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлы, Орынбеков Бекболат Серікбекұлы, Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлы ұсынылады.

Үшінші, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің құрамына Ершов Сергей Михайлович, Қожамжаров Қайрат Пернешұлы, Мұсабаев Талғат Амангелдіұлы, Нұржігітова Дана Өмірбайқызы, Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлы ұсынылады.

Төртінші, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің құрамына Алдашев Сүйіндік Тасемәнұлы, Қаниев Бауыржан Нұралыұлы, Құртаев Әлімжан Сейітжанұлы, Лұқпанов Сағындық Есенғалиұлы, Мамытбеков Еділ Құламқадырұлы, Рысбекова Ләззат Тұяқбайқызы, Сұлтанов Ерік Хамзаұлы ұсынылады.

Бесінші, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің құрамына Әлназарова Ақмарал Шәріпбайқызы, Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы, Жүсіп Нұртөре Байтілесұлы, Қапбарова Айгүл Жарылқасынқызы, Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызы, Нұхұлы Алтынбек, Төреғалиев Нариман ұсынылады.

Алтыншы, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің құрамына Булавкина Ольга Александровна, Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлы, Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлы, Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы, Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлы, Нұралиев Әбдәлі Токбергенұлы ұсынылады.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Осы ұсыныстарды қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, қарсы пікір немесе қосымша ұсыныстар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, Сенаттың тұрақты комитеттерінің құрамына ұсынылған депутаттар сайлансын деген Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті депутаттар, Палатаның тұрақты комитеттерінің жаңа құрамы толығымен жасақталды. Бәріміз бірлесіп, Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттердің орындалуын сапалы заңдармен қамтамасыз етеміз деп сенім білдіремін. Қызметтеріңіз жемісті болсын.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Осымен Палата отырысын жабық деп жариялаймын. Рақмет.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 1 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша	
О повестке дня	1
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасарын сайлау туралы	
Об избрании Заместителя Председателя Сената Парламента Республики Казахстан	2
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының ант беруі туралы	
О принесении присяги депутатами Сената Парламента Республики Казахстан	
Сөз сөйлегендер:	
Выступили:	
АЛДАШЕВ С.Т.	3
ӘЛНАЗАРОВА А.Ш.	3
БЕКЕНОВ Н.Ж.	4
БУЛАВКИНА О.А.	4
ДҮЙСЕМБИНОВ С.М.	4
КАРПЛЮК С.А.	4
КҮРІШБАЕВ А.Қ.	4
ҚАНИЕВ Б.Н.	5
ЛҰҚПАНОВ С.Е.	5
МӘКЕЖАНОВ С.А.	5
НҰХҰЛЫ А.	5
ОРЫНБЕКОВ Б.С.	6
РЫСБЕКОВА Л.Т.	6
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің саны мен атауы туралы	
О количестве и наименовании постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан	6
Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің төрағаларын сайлау туралы	

Об избрании председателей постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

АЙТПАЕВА С.М.	7
ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И.	7
НҰРЖІГІТОВА Д.Ө.	8
ҚҰРТАЕВ Ә.С.	9
ТӨРЕҒАЛИЕВ Н.	9
НҰРАЛИЕВ Ә.Т.	10

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің мүшелерін сайлау туралы

Об избрании членов постоянных комитетов Сената Парламента Республики Казахстан

Сөз сөйлеген:

Выступил:


ШӘКІРОВ А.О.	11
-------------------	----

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева